

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



**«ЭКСПО-2017» – АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ТҰРАҚТЫ
ДАМУЫНЫҢ МЕДИААЛАҢЫ»** атты
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция


МАТЕРИАЛДАРЫ

28 қыркүйек 2015 жыл

МАТЕРИАЛЫ

республиканской научно-практической конференции
**«ЭКСПО-2017» КАК МЕДИАПЛАТФОРМА УСТОЙЧИВОГО
РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА»**

28 сентября 2015 года



Ғылыми редактор:
ф.ғ.к, доцент С.Медеубек
с.ғ.д., профессор Г.С. Сұлтанбаева

Жауапты редакторлар:
ф.ғ.д., Ш.И. Нұрғожина
аға оқытушы А.Б. Ақынбекова

Техникалық редактор:
А.Б. Төлешова

«ЭКСПО-2017» – адами капиталдың тұрақты дамуының медиаалаңы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 28 қыркүйек, 2015 жыл / жауапты ред.: Ш. Нұрғожина, А. Ақынбекова – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 99 б.

ISBN 978-601-04-1658-1

Ғылыми конференция Қазақстанның инновациялық триумфы, технологиялық платформасы саналатын, сондай-ақ елімізді «смарт идеялардың» моделіне айналдыратын «ЭКСПО-2017» тақырыбына арналып отыр.

Публицистика нақтылы өмірден орын алып отырған мәнді оқиға-фактілер төңірегіндегі пікірді қозғап, сол туралы дұрыс ұғым қалыптастыруға ықпал жасайды. Яғни, публицистика-фактінің, нақты оқиғаның жанры» [9,127], – дейді белгілі ғалым Т.Қожакеев.

Ал зерттеуші Т.Ыдырысов публицистика жайлы мынадай пікір білдіреді: «Публицистика – жазушы мен журналистің әлеуметтік пікір айтуы, күнделікті өмірге, әр қилы қоғамдық шабытпен терең ой топтап, жұртшылықты белгілі бір оқиғаға құбылысқа ерте, еліктіре білуі. Екінші сөзбен айтқанда, публицистика дегеніміз – саяси-көркем проза, қаламгердің әлеуметтік мәселелерді толғауы» [10,71].

Осы айтылған теориялық ұстанымдарды дамыту үшін, ең алдымен, публицистиканың пән ретіндегі сипатына аз-кем тоқталайық. Пән ретінде публицистиканың ерекшелігі, көп жағдайда, публицистің көтерген мәселесіне, тақырыбына, оқырман, тыңдаушы, көрермен қауымның назар аударуына байланысты. Публицист көтеріп отырған мәселесі төңірегінде ойын түйіндей келе негіздеп алып, содан әлеуметтік ой тудырады-ау деген пікірді байсалдылықпен түсіндіруге тырысады. Орынсыз нұсқаушылық пен артық дидактикалық сарын шығарманы құлпырта алмайды. Қайта оның ықпал етушілік күшін төмендетіп алады. Публицистиканың пән ретіндегі басты ерекшелігін түсіне білген публицист қана замана талабына жауап беретін шығарма ұсына алады. Сөйтіп публицистке саяси, өндірістік, техникалық немесе экономикалық, рухани, әлеуметтік проблемаларды байқау аз, оның түп-тамырына, себеп-салдарына үңілу керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Даль В.Толковый словарь. Т. III. – Москва: Государственное издательство иностранных и национальных словарей, 1956. – С. 535.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
3. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі./ Құрастырушылар: З.Ахметов, Г.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
4. Черепанов М.С. Проблемы теории публицистики. – Москва: Мысль, 1973. – С. 270.
5. Прохоров Е.П. Публицист и действительность. – М.: Изд. Моск.университета, 1973. – С. 316.; Ученова В.В. Гносеологические проблемы публицистики. – М.: Изд. Моск.университета, 1971. – С. 146.
6. Лазебник Ю.А. Публицистика и литература. – Киев. 1971. – С. 151.
7. Аграновский А. Своего дела мастер. – М.: 1980. – С. 145.
8. Амандосов Т. Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. – Алматы: Мектеп, 1978. – 273 б.
9. Қожакеев Т. Жас тілшілер серігі. – Алматы: Рауан, 1961. – 224 б.
10. Ыдырысов Т. Шеберлік бастауы. – Алматы: Мектеп, 1984. – 191 б.

Сұлтанбаева Г.С.,

с.ғ.д., профессор

ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗІНДЕГІ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Елдің интеллектуалды әлеуеті» бағдарламасының аясында 2013, 2014 жж. ҚР Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік бағдарламасының қаржыландыруымен "Қазақ елі" студенттік экспедициясы жұмыс жасады.

Экспедиция кезінде Маңғыстау, Қызылорда, Қостанай, Ақмола және Қарағанды облыстарында және Семей, Ақтау, Форт-Шевченко қалаларында зерттеулер жүргізді. Жалпы алғанда, жобаға барлығы аймақтардан 700 адам қатысты, оның ішінде респонденттер, интервьюерлер, ғалымдар, мәдениет қайраткерлері, студенттер, орта оқу орындарының білім алушылары болды.

Қазақстан жастарының арасында интеллектуалды ұлтты құру мүмкіндіктері туралы пікірлерді анықтау мақсатында фокус-топтарда зерттеулер жүргізілді. Оған 2012-2014 жж аралығында 18-29 жас аралығындағы Алматы, Астана қалаларының, Маңғыстау, Қызылорда, Қостанай, Ақмола және Қарағанды облыстарының және Семей, Ақтау, Форт-Шевченко қалаларының жастары қатысты.

Алдымен "Интеллектуалды ұлт дегеніміз не?" деген сауалға жауап алуға тырыстық. Біріншіден, "интеллект" сөзінің өзі мақсат қою, ресурстарлы жоспарлау негізі және мақсатқа қол жеткізу стратегиясын құру. Әрі адам психикасының қасиеті, ол жаңа жағдайларға бейімделу қабілетінен, тәжірибе негізінде үйрену қабілетінен, абстрактілі тұжырымдамаларды ұғыну және қолданудан, өз білімін қоршаған органы басқару үшін пайдаланудан тұрады. Адамның барлық танымдық қасиеттерін: сезіну, қабылдау, есте сақтау, елестету, ойлау, қиялдауды біріктіретін қиындықтарды танып, шешуге деген жалпы қабілеттілік. Ал интеллектуалды ұлт дегеніміз – ол "интеллект" ұғымына кіретін жоғарыда аталған қасиеттерге ие адамдар қауымынан; туған тілін, халықаралық қарым-қатынас тілін білетін, білім алған немесе алып жүрген, өз білімдерін іс жүзінде ел игілігі үшін пайдалана алатын адамдардан құралған ұлт. Ол моралдық, мәдени, интеллектуалдық тұрғыда бәсекеге қабілетті бола алатын, ақпа-